

Практикалық сабақ 3

Matlab 2015 b қолданбалы программалар пакетін орнату

Мақсаты: білім алушыларға Matlab 2015 b орнатуды үйрету


Кілттік сөздер: MatLab R2015b жүйесі, MatLab Parallel Computing Toolbox, Matlab Distributed Computing Server

Оқытудың әдістемесі мен формасы: практикалық жұмыс

Кластер баптау үшін желідегі компьютерлер сипаттамалары бірдей болу керек екендігін ескертіп, орнататын компьютерлердің MatLabR2015b орнатуды екі түрлі жолмен жүзеге асыруға болады:

- 1) Әрбір компьютерге орнату
- 2) Желі арқылы орнату

Жүйені орнату үшін инсталляцияның кілті мен лицензияның түрін және қолданатын компьютерлердің операциондық жүйелерінің типінің неше разрядтан тұратынына назар аударуымыз керек. Біздің жағдайда 64 разрядты операциондық жүйелер. Жүйені орнатқан кезде *D:* дискісіне MatLabR2015b орнату қажет. Орнату үшін әдеттегідей *Setup.exe* файлын жүктейміз.



Сурет 44- Matlab 2015 b жүйесін орнату қадамы


Лицензиялық шартын оқып және қабылдап, “install without the internet” нұсқасын таңдап, Next басамыз да келесі терезеге лицензия номерін тереміз.

MatlabR2015b лицензиясының екі түрі бар:

- 1) license_standalone.dat;- жеке компьютерлерге арналған
- 2) license_server.dat.- серверлік компьютерлерге арналған


Біз серверлік компьютерлерге арналған түрін таңдаймыз да сәйкес кілтінің лицензиялық номерін тереміз де, Next батырмасын басамыз. Келесі терезеде

таңдау кезінде Matlab 2015 b жүйесінде параллель есептеу үшін Matlab Distributed Computing Server 6.7 және Parallel Computing Toolbox қосымшалары қажет екендігін ескеріп, онда белгі тұрғанын тексеріп, болмаса қою қажет.



Сурет 45- Matlab 2015 b жүйесін орнату қадамы

Әрі қарай Next батырмасын басып, соңында Finish батырмасын басамыз. Matlab 2015b орнатылды. Енді қосу үшін бас мәзірден Matlab 2015b таңдаймыз. Алдыңызда мынадай терезе пайда болады:



Сурет 46- Matlab 2015 b жүйесінің негізгі терезесі

Matlab 2015 b параллель есептеуге арналған командалық файлдар
C:\Program Files\MATLAB\R2015b\toolbox\distcomp\bin

бумасында орналасқан.

Тапсырма

Жұмыс істейтін компьютеріңіздің операциондық жүйесінің типіне қарап, Matlab 2015b жүйесін орнатыңыз.

Бақылау сұрақтары

1. Желіде жұмыс істеу үшін Matlab 2015b жүйесі қалай орнатылады?
2. Matlab Distributed Computing Server қызметі қандай?
3. Кластер баптау орындау үшін қандай программалық қосымшалар қажет?
4. Parallel Computing Toolbox қызметі қандай?